

Аудандық мәслихаттың 2008 жылғы 18 сәуірдегі N 61 "Әлеуметтік көмек көрсету туралы" шешіміне өзгерістер енгізу туралы

Күшін жойған

Ақтөбе облысы Қарғалы аудандық мәслихатының 2009 жылғы 24 сәуірдегі N 123 шешімі. Ақтөбе облысы Қарғалы аудандық Әділет басқармасында 2009 жылғы 13 мамырда N 3-6-81 тіркелді. Күші жойылды - Ақтөбе облысы Қарғалы аудандық мәслихатының 2011 жылғы 27 қыркүйектегі № 313 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Ақтөбе облысы Қарғалы аудандық мәслихатының 2011.09.27 № 313 Шешімімен.

Р Қ А О е с к е р т п е с і .

Мәтінде авторлық орфография және пунктуация сақталған

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы № 148 «Қазақстан Республикасында жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Заңының 6 бабына, Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 4 желтоқсандағы № 95 «Қазақстан Республикасының Бюджеттік Кодексі» Кодексінің 56 бабы 1 тармағының 4 тармақшасына, Қазақстан Республикасының 1999 жылғы 16 қарашадағы № 474 Заңының 4 бабына сәйкес аудандық мәслихат **ШЕШІМ Е Т Е Д І :**

1. Аудандық мәслихаттың Қарғалы әділет басқармасында 2008 жылғы 28 сәуірдегі № 3-6-65 болып тіркелген, 2008 жылғы 13 мамырында «Қарғалы» газетінің № 21-22 сандарында жарияланған 2008 жылғы 18 сәуірдегі № 61 «Әлеуметтік көмек көрсету туралы» аудандық мәслихат шешіміне (Қарғалы ауданының әділет басқармасында 2008 жылғы 29 шілдедегі № 3-6-70 болып тіркелген, 2008 жылғы 2 қыркүйегіндегі «Қарғалы» газетінің № 42-43 сандарында жарияланған аудандық мәслихаттың 2009 жылғы 29 шілдедегі № 78 шешімімен енгізілген толықтыруларды еске ала отырып) келесі өзгерістер **е н г і з і л с і н :**

3 тармақ жаңа редакциямен баяндалсын:

Жиынтық табысы кедейшілік деңгейінен төмен болған аз қамтылған отбасыларға ай сайын ақшалай көмек көрсетілсін, аудандық білім бөлімі тарапынан ай сайынғы берілген тізімдерге сәйкес үйден тәрбиеленетін және оқытылатын мүгедек балаларға, сондай-ақ 1, 2, 3 топтағы мүгедектерге және мүгедектік тобы бар бала кезінен мүгедектерге, еңбек жағдайындағы мертліккен мүгедектерге, әскери борышын орындауға байланысты емес мертігу немесе ауру салдарынан мүгедектікке душар болған мүгедектеріне үш мың теңге көлемінде;

ең кіші көрсеткіштегі және ең кіші көрсеткіштен төмен зейнетақы алатын зейнеткерлерге 1, 5 айлық есептік көрсеткіш көлемінде ақшалай көмек көрсетілсін.

2. Осы шешім алғаш ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Ескерту. Шешім 2 тармақпен толықтырылды - Ақтөбе облысы Қарғалы аудандық мәслихатының 2010.10.22 № 234 (ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Шешімімен.

Аудандық мәслихат
сессиясының төрағасы *хатшысы*
Ж.Қалдығұлов *Ж.Құлманов*

Аудандық мәслихат